

Ж.С. Ерденбекова^{1*} , С.К. Қабылтаева² , К.Б. Болатова¹ 

¹*Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан;*

²*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*
(E-mail: jan.e73@mail.ru; kabylytayeva_sk@enu.kz; klalamkas_17_81@mail.ru)

XX ғасырдың алғашқы онжылдығындағы Семейдегі мұғалімдер семинариясының тарихы

Қазақстанда қалыптасып келе жатқан ақпараттық қоғамның маңызды сипаттамаларының бірі білім мен ғылымның өсіп келе жатқан рөлі. Қазіргі заманғы процестердің мәдени-тарихи аспектісін анықтау және талдау міндеті Қазақстанның да, оның өңірлерінің де тарихи-мәдени мұрасына жүгіну қажеттілігін талап етеді, өйткені біздің еліміздің жағдайында табиғи-географиялық, экономикалық, саяси ерекшеліктерімен байланысты жекелеген аудандардың, қалалардың даму деңгейінде әрдайым айтарлықтай айырмашылық болған. Осылайша, қазақстандық білім берудің қазіргі заманғы проблемаларын шешу үшін оның тарихи тәжірибесін жан-жақты зерделеу мен шығармашылықпен пайдаланудың айрықша маңызы бар. Таңдалған тақырыптың өзектілігі зерттеудің тақырыбы орта білімі бар мұғалімдерді, оның ішінде Ресей империясы кезіндегі ұлттық кадрларды даярлау үшін педагогикалық оқу орындарының жүйесін құру мәселесі. Осыған байланысты мәселенің аймақтық аспектісіне ерекше назар аударылған. Семей қаласындағы педагогикалық оқу орындарының жүйесін зерттеу тарихи-білім беру тұрғысынан үлкен қызығушылық тудырады, өйткені өткен ғасырлардағы мұғалімдер семинарлары мен қазіргі білім беру мекемелері — педагогикалық колледждер, олардың ұйымдастырушылық құрылымы, мақсаттары мен міндеттері арасындағы сабақтастық байқалады. Мақалада Семей қаласында мұғалімдер семинариясының ашылуына әсер еткен факторлар анықталған, мұғалімдер семинариясын ашуға дайындық шаралары талданып, оны қаржыландыру көздері туралы айтылған. Авторлар семинарияның материалдық базасының дамуын қарастырған, ондағы білім алушылардың контингентін анықтап, XX ғ. басындағы Дала өлкесіндегі орыс-қазақ мектептері үшін кадрларды дайындауға Семей мұғалімдер семинариясының қосқан үлесін зерттеген. Семей мұғалімдер семинариясындағы оқу үдерісін ұйымдастыру мәселесі, оқу бағдарламаларының және оқыту-тәрбиелеу жұмысының принциптерінің дамуы жан-жақты көрсетілген.

Кілт сөздер: Қазақстан тарихы, Семей, білім беру, педагогикалық оқу орны, педагогикалық білім беру, мұғалімдер семинариясы, оқу процесін ұйымдастыру, кадрлар даярлау.

Kipicne

Кез келген мемлекеттің, қоғамның даму тарихында халық ағарту ісі мен мұғалімдерді даярлау мәселесі қашанда өзекті саналады. Өзімізге белгілі, XIX ғ. аяғы XX ғ. басындағы бастауыш мектептер санының өсуі педагогикалық кадрларға деген қажеттілікті туындатты. Осындай қалыптасқан жағдайда кәсіби оқу орындарының жаңа түрі — мұғалімдер семинариясына ерекше көңіл бөлінді. Бастауыш сынып мұғалімдерін Омбы мұғалімдер семинариясы, Түркістан мұғалімдер семинариясы, Орск-Орынбор мұғалімдер мектебі, Семей мұғалімдер семинариясы, Ақтөбе мұғалімдер семинариясы, Верный мұғалімдер семинариясы мен Орал мұғалімдер семинариясында, гимназияның жоғары сыныптарында, уездік қалалық училище жанынан ашылған педагогикалық курстарда дайындаған болатын. Осы аталған мұғалімдер семинариясының қатарынан біз үшін Батыс-Сібір оқу округінің құрамына енген Семей мұғалімдер семинариясының құрылу тарихы мен қызметі үлкен қызығушылық танытады.

Себебі, зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайтын басқа да факторлар бар, олардың қатарынан Семей өлкесінің XX ғ. басындағы қазақ даласының әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өміріндегі айрықша маңызға ие болғандығын, онда қазақ халқының мәдениетін сақтау және білім беру мәселелері де маңызды орын алғандығын, Алаш қайраткерлерінің осы өңірде білім беру жүйесін құруға белсенді қатысқандығын, сондай-ақ Семей ауданы сол кезде Ресейдің отаршылдық әкімшілігі үшін экономикалық жағынан айтарлықтай қызығушылық тудырғанын атап өтуге болады.

Осымен қоса, қазіргі тарихи кезеңде педагогикалық білім беру жүйесін дамыту және сақтау мәселелері де өзекті болуда. Сондықтан, қазіргі уақыттағы алға қойған міндеттерді шешу үшін XX ғ.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: jan.e73@mail.ru

алғашқы он жылында құрылып, дамыған педагогикалық оқу орындарының даму тәжірибесін ескеру және бұл оқу орындарының аймақтардағы дамуына назар аудару қажет.

Зерттеудің мақсаты — XX ғ. басындағы Семей мұғалімдер семинариясының құрылу тарихын және оның халықтық мұғалімдерді даярлау қызметінің негізгі бағыттарын анықтау. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін алға XX ғасырдың алғашқы он жылындағы Семей мұғалімдер семинариясындағы білім алушылардың сандық құрамын, оқытылған пәндердің тізімін, семинарияның кітапхана қорын, бөлінген қаржы қорын т.б. анықтау міндеттері қойылды.

Материалдар және әдістер

Зерттеудің деректік негізін Томск облысы мемлекеттік архивінің 126-шы қорындағы «1903 жылдағы Семей мұғалімдер семинариясының жағдайы туралы есебі», «1907 жылдағы мұғалімдер семинариясының жағдайы туралы Батыс-Сібір оқу округі басшысының есебі» және «1911 жылдағы мұғалімдер семинариясының жағдайы туралы Батыс-Сібір оқу округі басшысының есебі» құрайды. Бұл есептерде Семей мұғалімдер семинариясының құрылуы және алғашқы жылдардағы білім алушылардың саны, оқу бөлімінің жағдайы, семинарияның аясында жүргізілген тәрбиелік іс-шаралар, білім алушылардың экономикалық тұрмысы, семинария кітапханасының жағдайы, семинарияның санитарлық мүмкіндіктері мен жағдайы, қаржыландыру көзі, семинария кабинеттерінің жабдықталу деңгейі, оқытылған пәндер туралы құнды ақпараттар бар.

Семей мұғалімдер семинариясының жылдық есептерімен жұмыс жасау барысында талдау және синтездеу әдістері қолданылды. Бұл әдістер семинарияның құрылу тарихын, оның қызметінің негізгі бағыттарын және жағдайын зерттеуге мүмкіндік берді. Осымен бірге, тақырыпты зерттеу барысында контент-талдау әдісі пайдаланылды. Аталған әдіс мұғалімдер семинариясының жылдық есептерінен әртүрлі фактілер мен тенденциялардың өлшемдерін алуға мүмкіндік жасады. Қарастырылып отырған кезеңдегі Семей мұғалімдер семинариясындағы білім алушылардың саны мен жас ерекшеліктерін, олардың қай облыстардан келгендігін, семинарияның қажеттіліктерін жабдықтауға жұмсалған қаржы көлемін, кітапхана қорын зерттеу барысында салыстырмалы талдау және сандық талдау әдістері қолданылды. Семей мұғалімдер семинариясының қалыптасуы мен дамуына қатысты сандық мәліметтерді жинақтау, өңдеу, талдау және түсіндіру барысында статистикалық әдіс пайдаланылды.

Нәтижелері

1903 жылдың 1-шілдесінде Қазақстанның территориясында алғаш рет Семейдегі мұғалімдер семинариясы құрылған болатын. Ал 1903 ж. 23-қыркүйегінде бұл мұғалімдер семинариясы салтанатты түрде ашылып, екі бағдарлама — дайындық бөлімі және бірінші сынып бойынша (үш және төрт сыныпты мұғалімдер семинариясы) өзінің қызметін атқара бастайды. Семей мұғалімдер семинариясының 1903 жыл үшін берілген есебіне сәйкес семинарияға қабылдау туралы өтінім 1903 жылдың 15-тамызынан басталған [1; 15]. Есепке сәйкес 1903 ж. 10-қыркүйегіне қарай емтиханға 60 адам келген, соның ішінде 13 адам дайындық бөліміне, ал 22 адам бірінші сыныпқа қабылданған. Олардың жалпы санын және жас ерекшеліктері бойынша көрсеткіштерді 1-кестеден көруге болады [2].

1-кесте

1903 ж. семинариядағы білім алушылар саны және жас ерекшеліктері

Жас ерекшелігі	Сыныптар		Барлығы
	Дайындық бөлімі (сыныбы)	Бірінші сынып	
14 жастағылар	1	-	1
15 жастағылар	1	1	2
16 жастағылар	3	3	6
17 жастағылар	8	8	16
18 жастағылар	-	9	9
19 жастағылар	-	1	1
Барлығы	13	22	35

Сонымен 1-кестеден 1903 ж. Семей мұғалімдер семинариясының дайындық бөлімі мен бірінші сыныбы бойынша 17 жастағы білім алушылардың санының және бірінші сыныптағы 18 жастағы білім алушылар санының көп болғанын көре аламыз.

Осымен қатар, 1903 ж. семинарияға білім алушылар әртүрлі облыстар мен губерниялардан келген. Мұның дәлелі ретінде 1903 жылғы семинария есебінің мәліметтерін келтіруге болады (2-кесте).

2-кесте

Білім алушылардың келген облыстары мен губерниялары

Жер атауы	Дайындық бөлімі (сыныбы)	Бірінші сынып
Семей қаласы	1	5
Семей облысы	5	7
Ақмола облысы	1	4
Жетісу облысы	2	1
Томск губерниясы	-	1
Тобольск губерниясы	2	4
Тамбовск губерниясы	1	-
Воронеж губерниясы	1	-
Барлығы	13	22

Кестедегі мәліметтерге сәйкес семинарияда білім алушылардың пайыздық көрсеткіштері келесідей: Семей қаласы — 17,1 %, Семей облысы — 8,5 %, Томск губерниясы — 2,8 %, Тобольск губерниясы — 17,1 %, Тамбовск губерниясы — 2,8%, Воронеж губерниясы — 2,8%. Осылайша, 1903 жылы семинарияда Семей қаласы мен Тобольск губерниясынан келген білім алушылар санының көптігін көруімізге болады.

Сонымен бірге, 1903 ж. семинарияның оқытушылар құрамы 7 адамнан құралған және олардың қатарында директор (А. Белый), заң мұғалімі (А. Балашев), 2 тәрбиеші (И. Скоровский мен И. Преображенский), ән айту пәнінің мұғалімі (Н.В. Чулков), гимнастика мұғалімі (Л.И. Рутилевский) және өнер пәнінің мұғалімі болған.

Семей мұғалімдер семинариясында сабақтар Педагогикалық кеңестің тарапынан өңделген бағдарламаларға сәйкес өткен. Бұл бағдарламалар Халық Ағарту Министрлігінің 1875 ж. 4-шілдеде бекіткен мұғалімдер семинариясы туралы нұсқаулыққа, 1880 ж. 8-наурызда Халық Ағарту Министрлігі бекіткен Виленск оқу округінің мұғалімдер семинариясы жанындағы дайындық сыныптар үшін арналған ережеге және 1895 ж. 22-ақпандағы Мәскеу оқу округінің мұғалімдер семинариясына арналған нұсқаулыққа сәйкес құрастырылған. Семей мұғалімдер семинариясының 1903 жылғы есебіне сәйкес семинарияда «Құдайлар заңы», «Орыс және шіркеулік-славян тілдері», «Математика», «Тарих», «География», «Жаратылыстану», «Сурет салу», «Сызу», «Таза жазу», «Өлең айту» пәндері бойынша сабақ жүргізілгендігін көруімізге болады [2].

1903 жылғы мәліметтерге сәйкес Семей мұғалімдер семинариясы мемлекеттік қазынадан қаржыландырылған және оның көлемі аталған жылы 24000 рублді құраған. Бұл қаржының көп мөлшері семинарияны жабдықтауға жұмсалған. Мұны келесі 3-кестеден көруімізге болады [2]:

3-кесте

1903 ж. семинарияны жабдықтауға жұмсалған қаржы көлемі

№	Жұмсалған қаражат	Соммасы	
		Рубль	Тыын
1	Кітапхана	2740	39
2	Физикалық, геодезикалық және табиғи приборлар кабинеті	2944	25
3	Сурет салу сыныбы	337	05
4	Музыкалық инструменттер	625	-
5	Медициналық инструменттер	139	85
6	Жабдықтар	701	28
	Барлығы	7487	78

Кестеде берілген мәліметтерден қаржының көп бөлігін кітапхананы қамтамасыз ету мен физикалық, геодезикалық және табиғи приборлар кабинетін жабдықтауға бөлінгендігін көруімізге болады.

Семинарияны жабдықтау үшін тапсырыстар беру ісі оқытушы-персоналдар арасында бөліске салынған, мысалы, директор өзіне математика мен геодезия пәндері бойынша кітаптардың тізімін жасауды, физикалық және геодезиялық кабинетті жабдықтау міндетін алса, екі тәлімгерге кітапхана мен жаратылыстану-тарих кабинетін жабдықтау, ал өлең және өнер пәні мұғаліміне барлық мамандықтар бойынша семинария кабинеттерін жабдықтау міндеттері жүктелген.

Осымен қатар, Семей мұғалімдер семинариясы өзінің кітапхана қорына айтарлықтай көп көңіл бөлген. Мұның дәлелін 4-кестеден көруге болады [2].

1903 ж. Семей мұғалімдер семинариясы кітапханасының жағдайы

4-кесте

Оқу орнының тобы	1903 ж. сатып алынған кітаптар саны және оған жұмсалған қаражат көлемі			
	Атауы	Том	Рубль	Тиын
Семей мұғалімдер семинариясы				
Негізгі кітапхана	124	205	266	65
Оқушы кітапханасы	18	231	175	60
Бастауыш училище кітапханасы	-	-	-	-
Барлығы	142	436	442	25

Осы кестедегі мәліметтерге сәйкес Семей мұғалімдер кітапханасы негізгі және оқушыларға арналған кітапханалардан құралған және оның ішінде негізгі кітапханаға көп көңіл бөлінгенін көре аламыз.

1905 жылдан бастап семинарияда қазақ тілі оқытылды. Қазақ тілі курсы 4 жыл оқытылды, аптасына 3 сағаттан. Бірінші жылы қазақ тілі орыс транскрипциясымен оқытылып, шәкірттерді қазақша сөз жаттауға, ауызша сөйлесуге, аударма жасауға үйреткен. Екінші жылы араб алфавиті, қазақ тілінен орыс тіліне және керісінше аударма жасауға үйретті. Үшінші жылы синтаксисті оқытқан. Төртінші жылы синтаксисті қайталау, қазақша кітаптар оқу, ауыл мектептеріне арналған оқулықтарды талқылау, қазақ тілінде еркін сөйлеу және жазу, өз ойын еркін қазақ тілінде жеткізе білу, жазбаша жазғанда араб алфавитімен жазуды меңгерген [3].

1906 жылы Семей мұғалімдер семинариясының мұғалімдер құрамына келсек: семинарияның директоры М.Н. Березников Петроград тарих-филология институтын бітірген, гимназия оқытушысы деген дәрежесі бар, ол педагогика, орыс тілдерін оқытты; Б.Г. Герасимов Томскі діни семинариясының студенті, Құдай сабағынан және орыс тілінен сабақ берді, тәлімгер-кеңесші; С.Н. Степанов Мәскеу мұғалімдер семинариясы курсы аяқтаған, физика, жаратылыстану тарихынан сабақ берді, тәлімгер-кеңесші; Н.М. Харченко Ровенскі реальды училищесінде оқыған, уездік училищенің арифметика және геометрия мұғалімі деген дәрежесі бар, арифметика, геометриядан сабақ берді, тәлімгер; Е.А. Крестинский Қазан діни академиясының курсы аяқтаған, тарих, география, ән сабақтарын жүргізді, графика өнерінің мұғалімі; В.Т. Винокуров Қазан көркем өнер мектебінде оқыған, орта оқу орындарында сурет сабағын беру құқы бар, сызу, сурет, көркем жазу сабақтарын жүргізді; Нұрғали Құлжанов Орынбордағы қазақ мұғалімдер мектебін бітірген, қазақ тілінен сабақ жүргізді; еңбек сабағынан А.П. Брыков Санкт-Петербург земстволық мұғалімдер семинариясының курсы аяқтаған. Гимнастикадан мұғалім А.Б. Молченко болды [4].

1907 жылдағы мұғалімдер семинариясының жағдайы туралы Батыс-Сібір оқу округі басшысының есебіне сәйкес Семей мұғалімдер семинариясында төрт сынып болған. Ондағы білім алушылардың саны 97 адамды құраған, соның ішінде 1-ші сыныпта — 31 адам, 2-ші сыныпта — 27, 3-сыныпта — 22, 4-сыныпта — 17 адам білім алған [5].

1907 ж. Семей мұғалімдер семинариясын қаржыландыру мәселесіне келер болсақ, бұл жылы семинарияға 25875 р. 50 т. көлемінде қаржы бөлінген, соның ішінде мемлекеттік қазынадан 24375 р. 50 т., земстволық жинақтан 1035 р., басқада қаржы көздерінен 465 р. бөлінген [5].

Атап өту қажет, 1907 ж. Семей мұғалімдер семинариясы қызметінің бірден-бір ерекшелігі — ондағы білім алушылардың бастауыш училищелерде сабақ беру арқылы тәжірибеден өтуімен байланысты. Мысалы, 1907 ж. семинарияның бітіруші түлектері семинария жанындағы екі сыныпты

бастауыш училищесінде 192 сабақ (әр бітіруші түлек орташа алғанда 11 сабақ) жүргізген. Соның ішінде «Құдай заңы» пәні бойынша — 16 сабақ, «Орыс тілі» пәні бойынша — 30 сабақ, «Арифметика» пәні бойынша — 32 сабақ, «Тарих» пәні бойынша — 17 сабақ, «География» — 17 сабақ, «Жаратылыстану» пәні бойынша 16 сағатты бітіруші түлектер жүргізген [5].

1907 жылдағы мұғалімдер семинариясының жағдайы туралы Батыс-Сібір оқу округі басшысының есебіне сәйкес 1907 ж. Семей мұғалімдер семинариясының негізгі кітапханасында 1996 томдық 1216 атау болған. Ал, семинарияның физикалық кабинетінде 147, жаратылыстану ғылымдарының кабинетінде 25 көрнекі құралдар болған, осымен қоса семинарияда рояль, фисгармония, скрипкалар, балалайкалар, сурет салу құралдары болған [5].

ҚР Орталық Мемлекеттік Архивінің 503-ші қоры (1-тізім, 28-іс) құжаты мәліметтеріне сәйкес 1909 ж. Семей мұғалімдер семинариясының төрт ғимараты қол еңбегі, сурет салу, жаратылыстану, тарих, музыка, мұғалімдер кітапханасы, акт залы, бастауыш училищесіне арналған үш бөлмемен жасақталған. 1909 ж. семинарияның акт залында 400 адамдық үй шіркеуі болған [6].

1911 жылдағы мұғалімдер семинариясының жағдайы туралы Батыс-Сібір оқу округі басшысының есебінде семинарияның ғимараты туралы «...Здание Семипалатинской учительской семинарии может быть признано вполне отвечающим основным гигиеническим и учебно-воспитательным требованиям, для отделов библиотеки, для физического кабинета, класса рисования и ручного труда назначены особые помещения... При семинарии не имеется помещения для интерната. 5 лет как здания семинарии не ремонтировались: необходим ремонт всех их, кроме основного. Педагогическим советом возбуждено ходатайство об отпуске на ремонт зданий семинарии 2206 рублей. Сумма эта внесена в смету Министерства Народного Просвещения на 1912 год» [7], – деп көрсетілген.

1910 ж. Семей мұғалімдер семинариясында білім алушылардың саны 101 адам білім алған. Соның ішінде 94 адам православие дінін ұстанушы, 1 католик, 6 мұсылман білім алған. Олардың сословиелік құрамы келесідей: 35 мешан, 32 шаруа, 21 қазақ, 13 басқалар болған [8].

1910 ж. қарай Семей мұғалімдер семинариясының кітапхана қоры айтарлықтай ұлғайған. 1911 жылдағы мұғалімдер семинариясының жағдайы туралы Батыс-Сібір оқу округі басшысының есебіне сәйкес семинария кітапханасының қорын келесі 5-кестеден көруге болады.

5-кесте

1910-1911 жж. Семей мұғалімдер семинариясының негізгі кітапхана қоры [7]

Семинария атауы	1911 ж. 1 қаңтарына дейінгі жағдайы		Бір жылдың ішінде сатып алынған				1912 ж. 1 қаңтарына дейінгі жағдайы	
	Атаулар	Томдар	Атаулар	Томдар	Соммасы		Атаулар	Томдар
Семей мұғалімдер семинариясы	539	3623	12	406	рубль	тиын	551	4031
					311	10		

Талқылау

1903-1910 жылдар аралығында Семей мұғалімдер семинариясында білім алушыларды санының өскендігін көруге болады, атап айтқанда, 1903 ж. білім алушылардың саны 35 адамды құраса, 1907 ж. 97 адамды, ал, 2010 ж. 101 адамды құраған.

Ал 1903-1907 жылдар аралығында семинарияны қаржыландыру мәселесі бойынша өзгерістердің орын алғанын анықтадық. Атап айтқанда, егер, 1903 ж. семинарияға тек қана мемлекеттік қазынадан (24000 рубль) бөлінсе, 1907 ж. қаржыландыру көздерінің кеңейгендігін (мемлекеттік қазына, земстволық жинақ, басқа қаржы көздері) және көлемнің ұлғайғандығын (1903 ж. 24000 рубль ≤ 1907 ж. 25875 рубль 50 тиын (соның ішінде мемлекеттік қазынадан 24375 рубль 50 тиын, земстволық жинақтан 1035 рубль, басқа көздерден 1035 рубль) анықтадық.

Сонымен қатар осы жылдар аралығында Семей мұғалімдер семинариясының негізгі кітапхана қорының өскенін айқындадық. Егер, 1903 ж. семинарияның негізгі кітапханасына 124 атау, 205 том кітап болса, 1907 ж. 1216 атау, 1996 том кітаптан құралған, 1910 ж. том саны 4031 жеткен.

Атап өту қажет, отандық және шетелдік тарихнамада Семей мұғалімдер семинариясын жан-жақты қарастырған жекелеген зерттеу жұмыстары жоқтың қасы. Дегенмен, бірқатар авторлар жалпы Қазақстан территориясында құрылған мұғалімдер семинариясын өз зерттеулерінде қарастырған. Осындай авторлардың қатарында М.В. Рыгалованың зерттеу жұмысын атап көрсетуге болады.

Автордың пікірінше мұғалім кадрларын даярлау үшін оқу орындарының ашылуына халық санының, соның ішінде мектепке баратын жастағылардың өсу үдерісі, сонымен қоса білімге деген қажеттілік пен жаңа мектептердің ашылуы ықпал етті. XX ғ. басында мұғалімдер семинариясының ашылуына қарамастан, кадрлық мәселені шешу, соның ішінде дайындық деңгейін өсіру мүмкін болмады [9].

Отандық зерттеушілер Г.Б. Аргингазинова, Г.А. Хусаинова, И.С. Кобозева Қазақстанның мұғалімдер семинариясындағы музыкалық-педагогикалық дайындық мәселелерін қарастыра келе, мұғалімдер семинариясы түріндегі педагогикалық оқу орындарының ұлттық интеллигенция кадрларының қалыптасуына үлкен үлес қосқандығын және музыкалық-педагогикалық білім жүйесінің құрылуында маңызды рөл атқарғандығын атап өтеді [10; 107]. Әрине, Семейдегі мұғалімдер семинариясында да музыка пәніне ерекше көңіл бөлінген, сондықтан да қалыптасқан музыкалық білім беру жүйесі орта кәсіби педагогикалық оқу орындарындағы (техникумдар, училищелер) музыкалық даярлықтың негізін қалады, болашақта Қазақстанның музыкалық-педагогикалық білім беру жүйесінің алғышарттарын жасады.

Келесі қазақстандық зерттеуші А. Садыкова өз зерттеуінде Дала және Түркістан өлкесіндегі педагогикалық кадрларды дайындау мәселесін қарастыра келе, мұғалімдер семинариясы мен мектептердің құрылуы мен қалыптасуы орта педагогикалық білімі бар кәсіби педагогикалық кадрларды, соның ішінде бастауыш мектептері үшін ұлттық мұғалімдер кадрларын даярлаудың негізін қалады деп атап көрсетеді [11; 723].

Шетелдік зерттеуші О.В. Перова XIX ғ. аяғы — XX ғ. басындағы Батыс-Сібір оқу округіндегі мұғалімдер семинариясы желісінің қалыптасуы мәселелерін қарастыра келе, семинарияларда сабақ беретін білікті мамандардың жетіспегендігін атап өтеді. Ол Батыс-Сібір оқу округіндегі мұғалімдер семинарияларындағы мамандардың келесі көрсеткішін көрсетеді [12; 132].

6-кесте

Батыс-Сібір оқу округіндегі мұғалімдер семинариясындағы мұғалімдер саны

Әкімшілік бірлік	1911 ж. 1 қаңтарына қарай жалпы саны	Ер мұғалімдер			Әйел мұғалімдер		
		Арнайы педагогикалық дайындығы бар	Орта және бастауыш білімі бар	Білімі жоқ	Арнайы педагогикалық дайындығы бар	Орта және бастауыш білімі бар	Білімі жоқ
Томск губерниясы	1042	153	206	3	1	672	7
Тоболь губерниясы	880	126	73	3	84	594	-
Ақмола облысы	403	134	104	-	89	75	1
Семей облысы	140	35	42	-	34	27	2
Барлығы	2465	448 (51%)	425 (48,4%)	6 (0,6%)	208 (13,1%)	1368 (86, 3%)	10 (0,6%)

Берілген мәліметтерге сәйкес, Батыс-Сібір оқу округіне кіретін мұғалімдер семинариясының ішінде Семей облысы бойынша мұғалімдердің аздығын көруімізге болады. Бұл көрсеткіштердің өзі семинариядағы білікті кадрлардың жетіспеуін дәлелдеп отыр.

Қорытынды

Осылайша, Батыс-Сібір оқу округінің құрамындағы Семей мұғалімдер семинариясы қазақ ұлтының арасынан мұғалімдер дайындаумен бірге, сол кезеңдегі қазақ ұлт зиялыларының қалыптасуында да өзіндік із қалдырды. Бұл семинарияны Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Қ. Сатпаев және тағы да басқа тұлғалар бітіріп шықты. Дегенмен, семинариядағы білім алушылардың ұлттық құрамын қарастыра келе, семинарияда ұлттық басымдықтың болмағандығын көреміз. Себебі семинарияда білім алушы қазақтардың саны өте аз болды және қазақтар үшін кәсіби білім беру жүйесіне қол жетімділік үшін шектеулер қойылды. Мұның барлығы Ресей империясының XIX ғ. аяғы XX ғ. басындағы білім саласындағы отарлау саясатының нәтижесін көрсетті.

Семей мұғалімдер семинариясында кейбір жетістіктерге қарамастан, оның дамуында бірқатар мәселелер де орын алды. Олардың қатарынан, біріншіден, Батыс-Сібір оқу округінің басқа да мұғалімдер семинариясымен салыстырғанда, материалдық-техникалық қамтылуы мен қаржыландыру

бойынша бірдей емес, төмен болғанын; екіншіден, оқу үдерісіне кері ықпал еткен педагогикалық кадрлардың жетіспеуін; үшіншіден, семинарияның көптеген түлектерінің жалақының төмен болуы себебінен ауыл мектептерінде жұмыс жасауға қалауының болмауын атап көрсетуге болады.

Дегенмен, мұндай мәселелердің бар болуына қарамастан, Семей мұғалімдер семинариясының құрылуы мен дамуы қазақ даласындағы бастауыш мектептері үшін кәсіби-педагогикалық кадрларды даярлау жүйесінің негізін қалады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Войтеховская М.П. Учительские семинарии и учительские институты Западно-Сибирского учебного округа. Сборник документов и материалов / М.П. Войтеховская, С.А. Кочурина, О.В. Перова. — Томск: Издательство Томского государственного педагогического университета, 2011. — 520 с.
- 2 Государственный архив Томской области (далее — ГАТО). — Ф. 126. — Оп. 2. — Д. 1754. — Л. 17–25.
- 3 Центральный государственный архив Республики Казахстан (далее — ЦГА РК). — Ф. 503. — Оп. 1. — Д. 4.
- 4 ЦГА РК. — Ф. 503. — Оп. 1. — Д. 8.
- 5 ГАТО. — Ф. 126. — Оп. 2. — Д. 2158. — Л. 174, 176–182.
- 6 ЦГА РК. — Ф. 503. — Оп. 1. — Д. 28. — Л. 2.
- 7 ГАТО. — Ф. 126. — Оп. 2. — Д. 2760. — Л. 240, 241–250.
- 8 Обзор Семипалатинской области за 1910 год. — Семипалатинск: тип. обл. правления, 1912.
- 9 Рыгалова М.В. Подготовка учительских кадров на территории Степного края и Туркестанского генерал-губернаторства в конце XIX — начале XX вв. / М.В. Рыгалова // Культура и время перемен. — 2020. — №2(29). — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [https://s.esrae.ru/timekguki/pdf/2020/2\(29\)/553.pdf](https://s.esrae.ru/timekguki/pdf/2020/2(29)/553.pdf)
- 10 Аргингазинова Г.Б. Музыкально-педагогическая подготовка в учительских семинариях Казахстана последней четверти XIX — начала XX века / Г.Б. Аргингазинова, Г.А. Хусаинова, И.С. Кобозева // Kazakhstan: Musical Creativity and Education. — 2021. — №2. — С. 101-110.
- 11 Садыкова А.К. Подготовка педагогических кадров для Степного и Туркестанского края в учебных округах Российской империи / А.К. Садыкова, С.С. Сабира // Vylue Gody. — 2019. — Vol. 52. Issue. 2. — P. 714–725.
- 12 Перова О.В. Формирование учительских семинарий в Западном-Сибирском учебном округе в конце XIX — начале XX века / О.В. Перова // Вестник Томского государственного педагогического университета. — 2009. — №12(90). — С. 130–134.

Ж.С. Ерденбекова, С.К. Кабылтаева, К.Б. Болатова

История Семипалатинской учительской семинарии в первое десятилетие XX века

Одной из важнейших характеристик информационного общества, которое складывается в Казахстане, является возрастающая роль образования и науки. Задача выявления и анализа культурно-исторического аспекта современных процессов диктует необходимость обращения к историко-культурному наследию как Казахстана в целом, так и его регионов, в связи с тем, что в условиях нашей страны всегда существовала значительная разница в уровне развития отдельных районов, городов, связанная с особенностями природно-географического, экономического, политического, социокультурного развития территории. Таким образом, для решения современных проблем казахстанского образования имеет особое значение всестороннее изучение и творческое использование его исторического опыта. Актуальность выбранной темы заключается в том, что предметом исследования выступает проблема создания системы педагогических учебных заведений по подготовке учителей со средним образованием, в том числе национальных кадров в период Российской империи. В связи с этим особое внимание уделяется региональному аспекту вопроса. Изучение системы педагогических учебных заведений в Семипалатинске представляет большой интерес в историко-образовательном плане, поскольку прослеживается преемственность между учительскими семинариями прошедших столетий и современными образовательными учреждениями – педагогическими колледжами, их организационной структурой, целями и задачами. В статье названы факторы, которые повлияли на открытие учительской семинарии в Семипалатинске. В статье проанализированы подготовительные мероприятия по открытию учительской семинарии и выявлены источники ее финансирования. Рассматривается развитие материальной базы учительской семинарии, изучен контингент ее учащихся, определен вклад учительской семинарии в Семипалатинске в подготовку кадров для русско-казахских школ в Степном крае в начале XX в. Раскрываются общие вопросы организации учебного процесса, эволю-

ции учебных программ, принципов учебно-воспитательной работы в Семипалатинской учительской семинарии.

Ключевые слова: история Казахстана, Семипалатинск, образование, педагогическое учебное заведение, педагогическое образование, учительская семинария, организация учебного процесса, подготовка кадров.

Zh.S. Yerdenbekova, S.K. Kabylytayeva, K.B. Bolatova

History of Semipalatinsk Teachers' Seminary in the First Decade of the Twentieth Century

One of the most important characteristics of the information society, which is emerging in Kazakhstan, is the increasing role of education and science. The task of identifying and analyzing the cultural and historical aspect of modern processes dictates the need to address the historical and cultural heritage of both Kazakhstan as a whole and its regions, due to the fact that in the conditions of our country there has always been a significant difference in the level of development of individual districts, cities, associated with the peculiarities of natural and geographical, economic, political, socio-cultural development of the territory. Thus, for the solution of modern problems of Kazakhstani education it is of special importance to comprehensively study and creatively use its historical experience. The relevance of the chosen topic lies in the fact that the subject of the study is the problem of creating a system of pedagogical educational institutions for training teachers with secondary education, including national staff in the period of the Russian Empire. In this regard, special attention is paid to the regional aspect of the issue. The study of the system of pedagogical educational institutions in Semipalatinsk is of great interest in the historical and educational plan, because the continuity between the teacher seminaries of the past centuries and modern educational institutions - teacher training colleges, their organizational structure, goals and objectives can be traced. The article names the factors that influenced the opening of a teachers' seminary in Semipalatinsk, the authors note the role of the trustee of the West Siberian educational district L.I. Lavrentiev in solving this issue. The article analyzes the preparatory activities for the opening of the teachers' seminary and identifies the sources of its funding. The development of the material base of the teachers' seminary is considered, the contingent of its students is studied, the contribution of the teachers' seminary in Semipalatinsk to the training of personnel for Russian-Kazakh schools in the Steppe region in the early twentieth century is determined. The general questions of organization of educational process, evolution of curricula, principles of educational work in Semipalatinsk teachers' seminary are revealed.

Keywords: history of Kazakhstan, Semipalatinsk, education, pedagogical educational institution, teacher's education, teacher's seminary, organization of educational process, personnel training.

References

- 1 Voitekhovskaia, M. P. (2011). *Uchitelskie seminarii i uchitelskie instituty Zapadno-Sibirskogo uchebnogo okruga. Sbornik dokumentov i materialov [Teachers' Seminaries and Teachers' Institutes of the West Siberian Educational District. Collection of Documents and Materials]*. Tomsk: Izdatelstvo Tomskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta [in Russian].
- 2 GATO [State Archives of Tomsk Region]. — F. 126. — Op. 2. — D. 1754. — L. 17–25 [in Russian].
- 3 TsGA RK [Central State Archives of the Republic of Kazakhstan]. — F. 503. — Op. 1. — D. 4 [in Russian].
- 4 TsGA RK [Central State Archives of the Republic of Kazakhstan]. — F. 503. — Op. 1. — D. 8 [in Russian].
- 5 GATO [State Archives of Tomsk Region]. — F. 126. — Op. 2. — D. 2158. — L. 174, 176–182 [in Russian].
- 6 TsGA RK [Central State Archives of the Republic of Kazakhstan]. — F. 503. — Op. 1. — D. 28. — L. 2 [in Russian].
- 7 GATO [State Archives of Tomsk Region]. — F. 126. — Op. 2. — D. 2760. — L. 240, 241–250 [in Russian].
- 8 (1912). *Obzor Semipalatinskoi oblasti za 1910 god [Review of the Semipalatinsk region for 1910]*. Semipalatinsk: Tipografiia oblastnogo pravleniia [in Russian].
- 9 Rygalova, M.V. (2020). Podgotovka uchitelskikh kadrov na territorii Stepnogo kraia i Turkestanского general-gubernatorstva v kontse XIX — nachale XX vv. [Training of teaching staff in the Steppe Region and the Turkestan Governorate-General in the late 19th — early 20th centuries]. *Kultura i vremia peremen — Culture and Time of Change*, 2(29). Retrieved from [https://s.esrae.ru/timekguki/pdf/2020/2\(29\)/553.pdf](https://s.esrae.ru/timekguki/pdf/2020/2(29)/553.pdf) [in Russian].
- 10 Argingazinova, G.B., & Khusainova, G.A., & Kobozeva, I.S. (2021). *Muzykalno-pedagogicheskaiia podgotovka v uchitelskikh seminariakh Kazakhstana poslednei chetverti XIX — nachala XX veka [Musical and pedagogical training in teacher seminaries of Kazakhstan in the last quarter of the 19th — early 20th centuries]*. Kazakhstan: Musical Creativity and Education, 2, 101–110 [in Russian].
- 11 Sadykova, A.K., & Sabira, S.S. (2019). Preparation of Pedagogical Staff for Steppe and Turkestan Area in Educational Region of Russian Empire. *Bylye Gody*, 52., 2, 714–725 [in Russian].

12 Perova, O.V. (2009). Formirovanie uchitelskikh seminarii v Zabadno-Sibirskom uchebnom okruge v kontse XIX — nachale XX veka [Formation of teacher seminaries in the Zabaydno-Sibirsk educational district in the late 19th — early 20th centuries]. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta — Bulletin of Tomsk State Pedagogical University*, 12(90), 130–134 [in Russian].

Авторлар туралы мәліметтер

Ерденбекова Жанар — докторант, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0006-0017-570X>

Қабылтаева Самал — PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0008-8409-2171>

Болатова Қаламқас — т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-9224-9596>

Information about the authors

Yerdenbekova Zhanar — PhD student, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0006-0017-570X>

Kabyltayeva Samal — PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0008-8409-2171>

Bolatova Kalamkas — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-9224-9596>